

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 5 наурыздағы N 168

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1993 жылғы 4 мамырдағы N 26-14/110, 1994 жылғы 39 маусымдағы N Ф 22-3/42, 1995 жылғы 3 сәуірдегі N Ф 22-3/5, 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38 берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктеріне, сондай-ақ N 11987 Кепілдікті хатына сәйкес шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшалар), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 5 наурыздағы

№ 168 қаулысына

1-қосымша

Шетелдік несиелерді өтеу жөніндегі мерзімі
өткен төлемдердің

СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Түрік несиелік желісі					
"Жеңіл өнеркәсіп" АҚ	USD	82 701,26	0,00	80 841,37	1 859,89
АҚШ несиелік желісі					
"Тағам" АҚ	USD	11 989,71	0	0	11 989,71
Жапон несиелік желісі					
Қарметкомбинат	JPY	247 137,00	0	0	247 137,00
Барлығы					
	USD	94 690,97	0,00	80 841,37	13 849,60
	JPY	247 137,00	0	0	247 137,00

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 5 наурыздағы
№ 168 Қаулысына
2-қосымша

Шетелдік несиелерді өтеу жөніндегі
алдағы төлемдердің
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем сомасы	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
Канада несиелік желісі					
"Армавир"	USD	250 938,19	217 262,50	33 675,69	0

СОВХОЗЫ

"Аквест" БК USD 949 529,89 757 351,86 192 178,03 0

Барлығы | USD 1 200 468,08 974 614,36 225 853,72 0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК